

**"Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 10 тамыздағы № 321 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2025 жылғы 6 наурыздағы № 56 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 6 наурызда № 35795 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 10 тамыздағы № 321 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29286 болып тіркелген) бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесін қалыптастыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Экология кодексінің (бұдан әрі – Экология кодексі) 324-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленді және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесін қалыптастыру тәртібін (бұдан әрі – Тізбе) айқындайды.";

10-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өтінім берушінің немесе өтінім берушімен бірге мәлімделген консорциумға, әріптестікке қатысушылардың кез келгенінің құрылыс тәжірибесі кемінде 5 (бес) объектіні және энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектілерді пайдалану тәжірибесінің кемінде 8 (сегіз) жылын құрайды;"

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) өтініш берушінің немесе Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын консорциумға қатысушылардың бірінің мынадай өлшемшартқа сәйкестігі:

Қазақстан Республикасында қалдықтарды қайта өңдеуде және (немесе) кәдеге жаратуда кемінде 3 (үш) жыл тәжірибе.";

11-тармақтың 4) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"4) өтінім берушінің немесе өтінім берушімен бірге мәлімделген консорциумға қатысушылардың кез келгенінің кемінде 5 (бес) объект салу тәжірибесі және энергетикалық кәдеге жарату объектілерін пайдаланудың кемінде 8 (сегіз) жыл тәжірибесі туралы мәліметтер;"

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 23. Уәкілетті органның шешімімен келіспеген жағдайда өтініш беруші оның әрекеттеріне Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне сәйкес шағымданады."

2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Қалдықтарды басқару департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Экология және табиғи  
ресурстар министрінің м.а.*

*Н. Шарбиев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Бәсекелестікті қорғау

және дамыту агенттігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Бас прокуратурасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК